

В ТЕКУЩЕМ ГОДУ В КОМПАНИИ ПРИНЯТ РЯД ВАЖНЕЙШИХ ИНИЦИАТИВ ПО ПОСТОЯННЫМ УЛУЧШЕНИЯМ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ОБЛАСТИ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ. ПРОВЕДЕН АНАЛИЗ СОСТОЯНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ И ВЫРАБОТАН КОМПЛЕКС СИСТЕМНЫХ МЕР, НАПРАВЛЕННЫЙ НА СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ СИСТЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТЬЮ ДВИЖЕНИЯ И КАДРОВОГО ПОТЕНЦИАЛА, ПОВЫШЕНИЕ НАДЕЖНОСТИ УСТРОЙСТВ ИНФРАСТРУКТУРЫ И ПОДВИЖНОГО СОСТАВА.

Талгат АЛДЫБЕРГЕНОВ,
заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ»

→ стр. 3



№92 (3022)
29/10/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

МАШИНА ЖАСАУ ӨНДІРІСІ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Биыл елімізде жүк вагондарының өндірісі алты есеге, яғни 1000 бірлікке ұлғайған. 2024 жылдың жоспары – 4000 вагон. Бұл туралы ҚР Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Олжас Сапарбеков Орталық коммуникациялар қызметінің брифингінде мәлімдеді.


Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

Спикер қазіргі уақытта Өнеркәсіптік өндіріс құрылымында өңдеу секторының үлесі 47,4% құрағанын, соңғы жылдары осы салада оң серпін байқалып отырғанын атап өтті.

– 2023 жылдың қорытындысы бойынша өндіріс көлемі 4%-ға өсіп, 22 триллион теңгені құрады. Биылғы жылдың 9 айында өндірістің өсуі 4,8% құрады. Өндірістің өсімі жиіаз, химия, металлургия өнеркәсіптері мен машина жасау есебінен қамтамасыз етілді. Ендігі меже – жыл соңына дейін 5,1% деңгейінде өсуді қамтамасыз ету, – деді О.Сапарбеков.

Оның айтуынша, теміржол машина жасауда жүк вагондарының өндірісі 6 есеге, яғни 1000 бірліктен аса өскен. Осы жылға межеленген жоспар 4000 вагон.

Вице-министрдің айтуынша, елімізде жүк және жолаушылар тепловоздары мен электровоздары, жүк, жолаушы және рефрижераторлық вагондар, тұтас иеліктелген дөңгелектер мен осьтер, роликті мойынтіректер, темір жолдарға



арналған өнімдер өндірісі оң жолға қойылып, қазір тіпті экспортқа да шығарылуда.

Жалпы отандық машина жасауды қолдау мақсатында 2016 жылы «Теміржол көлігі туралы» ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы заңнамалық деңгейде вагондар мен локомотивтерді сатып алуға кредит беру және қаржы лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау түрінде мемлекеттік қолдау көзделген болатын. Жүк вагондарының жалпы паркіне келсек, ол 136 мың бірлікті құрайды. Осы ретте вагон иелері мен операторлары жүк вагондарының паркін өз бетінше жаңартатынын айтар едік. Жыл сайын шамамен 3000 бірлік жүк вагондары жаңаруда. Оның ішінде мемлекеттің қатысуымен сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау бағдарламасы бойынша 2018-2023 жылдар аралығында 4135 жүк вагоны сатып алынса,

биыл 1500 бірлік, ал 2026 жылға дейін 1585 бірлік жүк вагондарын жеткізу жоспарланып отыр. Осы сатып алу келісімшарттары «ЗИКСТО» АҚ, «КВК» ЖШС отандық зауыттарымен жасалған. Биыл «ЗИКСТО» АҚ-мен 2024-2025 жылдар кезеңінде 157 жолаушылар вагонын сатып алуға келісімшарт жасау жоспарлануда екен.

Теміржол рельстерін өндіру саласында да оң нәтиже байқалып отыр. Айталық, 9 айда теміржол рельстері өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 50%-ға көп өндірілген. Осы ретте бірінші кезекте «ҚТЖ»-ның рельстерге деген қажеттілігін өтеу басымдыққа ие болып отыр. Одан кейін ғана артылған өнім көлемі Өзбекстанға, Грузияға, Әзірбайжанға, Италияға, Ұлыбританияға экспортталуда.

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

ЛОКОМОТИВЫ ДЛЯ ҚТЖ



Компания Wabtec в рамках заключенного соглашения поставит локомотивы АО «НК «ҚТЖ».

Соглашение предусматривает поставку дизельных локомотивов ТЭ33А, которые оснащают 12-цилиндровым двигателем мощностью 4 500 лошадиных сил.

Новые локомотивы будут построены на заводе «Локомотив құрастыру зауыты» компании Wabtec в Астане.

– В Казахстане прогрессивное и открыто мыслящее местное Правительство, которое понимает важность железных дорог в развитии местной экономики. ҚТЖ служит критически важным звеном для транспортировки грузов между Китаем и Западом. Эти локомотивы серии Evolution обеспечат эффективность, надежность и экономно эксплуатацию расходов для эффективной поддержки растущего спроса на Транскаспийском международном транспортном маршруте, – заявил региональный старший вице-президент Wabtec по операциям в странах СНГ, Европы, Ближнего Востока и Африки Гохан Байхан.

Поставки новых локомотивов начнутся уже в 2025 году. Они пополнят парк ҚТЖ, в котором уже есть 451 локомотив серии Evolution.

Корпорация Wabtec планирует существенно увеличить объемы продаж и обслуживания локомотивов в Казахстане, ожидая выручку более двух миллиардов долларов.

Айлин БАУРЖАН



Дамир ҚОЖАХМЕТОВ,
«КТЗ Express» АҚ бас директоры:

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРГІ ТОҒЫЗ айда қытайдан ТХКБ бойынша жүктерді тасымалдау көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 23 есеге ұлғайып, 24,1 мың жфэ-ні құрады. Ұзақ мерзімді перспективада осы бағыт бойынша контейнерлерді тасымалдау көлемін 300 мың жфэ-ге дейін жеткізу көзделген. Осы мақсатта сыртқы терминалдық желіні дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Еуропаға шығатын ТХКБ бағдарын кеңейту аясында біз Венгрия, Болгария, Румынияны ТХКБ-ның жаңа қақпасы ретінде қарастырып отырмыз

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ
ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН

1000

АСТАМ ЖАҢА АШЫҚ ЖҮК
ВАГОНЫН САТЫП АЛУДЫ
ЖОСПАРЛАП ОТЫР.

БИЫЛҒЫ ТОҒЫЗ АЙДА
ҚТЖ БОЙЫНША
ЖҮК АЙНАЛЫМЫ

196 млрд

ТОННА-ШАҚЫРЫМДЫ
ҚҰРАДЫ.

2030 ЖЫЛҒА ДЕЙІН
ЕЛІМІЗДІҢ

11 мың

ШАҚЫРЫМ ТЕМІР ЖОЛ
ЖӨНДЕУДЕН ӨТПЕК.

Сотрудничество

НОВЫЕ ЛОГИСТИЧЕСКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ

По итогам 9 месяцев 2024 года с участием АО «НК «ҚТЖ» в Афганистан было перевезено 127 тысяч тонн зерна и 666 тысяч тонн пшеничной муки. Эти цифры озвучены во время Казахстанско-Афганского бизнес-форума, состоявшегося в Алматы.

Асель ШАЙХЫНОВА,

Во время мероприятия обсуждены вопросы развития транспортной взаимосвязанности и новые договоренности.

Бизнес-форум прошел под председательством заместителя Премьер-министра Республики Казахстан Серика Жумангарина, афганскую делегацию возглавил министр промышленности и торговли Афганистана Нуриддин Азиз.

В мероприятии приняли участие представители государственных органов и бизнес-сообщества Казахстана, а также около 200 представителей афганского бизнеса. В целом на форуме были обсуждены ключевые вопросы, касающиеся транспортной логистики, перевозок и торгового сотрудничества.

Компания KTZ Express представила свои возможности по расширению со-



трудничества с афганскими партнерами, сделав акцент на развитии транспортной взаимосвязанности между Казахстаном и Афганистаном.

Также участниками форума обсуждены вопросы железнодорожных перевозок зерновых культур.

По итогам форума стороны договорились о совместном развитии трансафганского коридора, организации контейнерных поездов из Китая в Афганистан через территорию Казахстана с консолидацией грузов на станции Алтынколь.

Фото автора

В ИНТЕРЕСАХ ОБЕИХ СТРАН

Положение Казахстанско-Литовского делового совета подписано в рамках двустороннего бизнес-форума в Астане.

Любовь РОВБА,
Астана

В мероприятии, организованном посольством Литвы в РК, Внешнеторговой палатой Казахстана и НПП «Атамекен», приняли участие представители Союза транспортников Казахстана «Kazlogistics», отраслевых ассоциаций и бизнеса.

Вице-министр транспорта и коммуникаций Литовской Республики Юлиус Скачкаускас подчеркнул значимость двустороннего сотрудничества в области транспорта и логистики. Он отметил успешное восстановление Казахстанско-Литовского делового совета и важность развития Транскаспийского маршрута.

– Мы видим огромный потенциал в соединении Трансевропейской транспортной сети (TEN-T) с Транскаспийским маршрутом. Литва поддерживает инициативу по развитию этого пути, что поможет укрепить экономическое сотрудничество между нашими странами и продвинуть международные мультимодальные перевозки, – добавил спикер.

В рамках форума состоялись презентации литовских и казахстанских компаний, B2B встречи. Так, генеральный директор Kazlogistics Канат Альмагамбетов в рамках форума провел переговоры с литовской стороной. Обсудили взаимодействие по созданию рабочей группы из представителей бизнеса для

освещения возникающих проблемных вопросов и выработки взаимоприемлемых решений с дальнейшим доведением до уполномоченных государственных органов двух стран. Также предложено проработать механизм по терминальным довозам.

По итогам мероприятия подписано Положение Казахстанско-Литовского делового совета. С казахстанской стороны соглашение подписал и. о. заместителя председателя НПП «Атамекен» Асан Жакишев, с литовской – вице-президент Конфедерации промышленников Литвы (ЛРК), председатель литовской части Совета Ромас Аустинкас.

– Деловой совет активно продвигает вопросы развития инвестиций между двумя странами. Мы уже на протяжении многих лет активно работаем над увеличением товарооборота и транзитного потенциала Казахстана и Литвы, – подчеркнул заместитель председателя правления НПП «Атамекен» Мурат Амрин Мурат Амрин.

ДӘСТҮРЛІ СПАРТАКИАДА ӨТЕДІ



«Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қорының ұйымдастыруымен «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының кәсіпорындары арасында өтетін дәстүрлі Спартакиада биыл да жалғасын таппақ. Ол ІХ рет Астанада өтеді.

Спорт додасына бүкіл республика аумағынан 16 құрама командаға топтасқан 1000-нан аса адам қатысады деп күтілуде. Бұл сайыс қызметкерлерге өздерінің шеберлігін, күш-жігерін, шымырлығын және командалық рухын көрсетуге тамаша мүмкіндік ұсынады. Спортты жанына серік еткен жандар 2024 жылдың 22-24 қарашасында, Астана қаласындағы Назарбаев университеті Атлетика орталығында бас қосып, 11 спорт түрінен бақ сынаиды. Олар: футбол, баскетбол, волейбол, арқанартыс, үстел теннисі, армрестлинг, тоғызқұмалақ, асық ату, шахмат, жүзу және киберспорт.

Спорт мерекесінің аясында «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері тек жарысып қана қоймай, қайырымдылыққа да үлес қоспақ. Кеш барысында жиналған қаражат мектептерде инклюзивті кабинеттер ашуға бағытталады. Сонымен қатар шара аясында қатысушылар «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына қолдау білдірмек.

Ұйымдастырушылар барлық жанкүйерлер мен көрермендерді «Спортқа «Иә» де!» ұранымен өтетін осы ерекше жарысқа белсенді атсалысып, әріптестерін қолдап, шынайы бәсекелестік көңіл-күйін сезінуге шақырады. Корпоративтік рухта бірігіп, ұмытылмас кештің бір бөлшегі болу мүмкіндігі туып тұр. Қатысушыларды тіркеу үшін spartakiadaskz сайты жұмыс істеп тұр. Әзірге 26 қазанға дейін 200-ден астам адам қатысуға өтініш білдіріп, тіркелген. Жалпы аптаның әр күнінде таңертеңгі сағат 9.00 мен кешкі сағат 20.00 аралығында 87782529821; 87782529826 колл-орталыққа хабарласуға болады.

Райхан РАХМЕТОВА

ҮЗДІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҰЛЫҚТАЛДЫ

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау



Түбек теміржолында Республика күніне орай мерекелік кеш ұйымдастырылды. Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінде өткен іс-шара барысында үздік қызметкерлердің еңбегі еленіп, марапатталды.

Салтанатты жиынды ашқан бөлімшенің бас инженері Қарақат Жақанов әріптестерін мерекелік құттықтай келе, еліміздегі елеулі күннің мән-маңызына тоқталды. Мемлекетіміздегі тыныштық пен бейбітшіліктің нәтижесінде түрлі сала өркендеп, соның ішінде темір жол да дамып, күннен күнге оң өзгерістер орын алып жатқанын тілге тиек етті. Бұдан кейін орталық теміржолшылар кәсіби одағының өңірдегі өкілі Сәрсенбай Есенқұлов сөз алып, жылы лебізін білдірді.



Ақжарма тілектерден кейін марапаттау рәсімі басталды. Зейнеткерлер мен түбек теміржолының түрлі бағытында еңбек етіп жүрген еңбек озағатарына «Қазақстан теміржолына-120 жыл», «Маңғыстау теміржолына-60 жыл» тесбелгілері табысталды. Тағы бір топ теміржолшы Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі директорының Алғыс хатын алды. Сондай-ақ аймақтағы өндірістік кәсіпорындардың жас мамандары арасында өткен волейбол жарысында екінші орын алған Маңғыстау теміржолы командасына кәсіподақ комитеті атынан ақшалай сыйлық табысталды. Іс-шара одан әрі қарай өнерлі теміржолшылардың ән шашуына жалғасты.

Суретті түсірген автор

ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ҮШ ЖАҢА ВАГОН

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



Еліміздің шығысында да жолаушы тасымалындағы қызмет сапасы жыл санап артып келеді. Мәселен, жолаушылар нөпірі әрдайым мол, №121/122 «Астана-Семей» бағыты бойынша қатынайтын жолаушылар пойызының вагондары жаңартылды.

Аймаққа қызмет көрсететін «Арай Транс КЗ» ЖШС жеке тасымалдаушысы үш жаңа жолаушылар вагонын сатып алды. Ендігі аралықта заманауи талаптарға сай жабдықталған екі плацкарт және бір күпе елорда мен ел шығысына қатынайтын жолаушыларға тұрақты түрде қызмет көрсететін болады. Вагондар ауаны баптау жүйесімен, био-дәретхана кешендерімен, USB коннекторы бар гаджеттерді зарядтауға арналған розеткалармен және өзге де тұрмыстық қажеттіліктермен жабдықталған.



Бұл жылжымалы құрам Абай облысының өндірісі дамыған көлемді үш ауданын басып өтіп, жолда Саяқ, Балқаш, Қарағанды қалаларына аялдайды. «Жолаушылар тасымалы» АҚ-на қарасты №353/354 Астана – Семей және №457/458 Семей – Достық пойыздарының вагондары да жаңартылып, қолайлылық біршама артқан болатын.

Суретті түсірген автор

БІЛІМНІ ЖЕТІЛДІРДІ

Нұрбек БЕКЕН



«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – Жамбыл материалдық-техникалық жабдықтау базасында «Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік жылы» бағдарламасы аясында «Жұмыс жүргізу кезінде технологиялық процесті сақтау» тақырыбында семинар өткізілді.

Семинарға Магистральдық желі дирекциясы еңбек қауіпсіздігі, материалдық базалар департаментінің, Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің жетекшілерімен қатар ҚЖЕК жетекші инженерлері, сондай-ақ 9 материалдық-техникалық базаның орта және кіші буын басшылары қатысты.

Семинар Жамбыл көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау, Жамбыл облысы әкімдігі еңбек инспекциясы басқармаларының, Қабылтығын-практикалық орталығы бөлім басшысының шақыруымен өткізілді.

Семинар барысында бірқатар өзекті мәселелер, атап айтқанда қызметкерлердің функционалдық міндеттерін орындау барысында жарақат алу қаупін, қызметкерлерде кәсіптік аурулардың пайда болу ықтималдығын азайту, сондай-ақ қызметкерлердің денсаулығы мен компания мүлкіне зиян келтіруі мүмкін төтенше және оқиғалардың алдын алу жайттары талқыланды.

Өз кезегінде мемлекеттік органдар ҚР Еңбек кодексінің нормалары мен талаптары бойынша және өндірістік бақылау жүргізу мәселесі бойынша түсініктемелер берді. Бұл семинар МТС базалары қызметкерлерінің салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуде тәжірибе алмасуға, білімдерін жетілдіруге мүмкіндік берді.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ АУЫР ҚЫЗМЕТ



Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

– Тоғыз айдың ішінде теміржол мекеме басшыларына 125 ескерту парақтары берілді. Бұл – қауіпсіздікті сақтауға бағытталған жұмыстар. Локомотив, арнайы жылжымалы құрамалардың мұржасынан шыққан ұшқын немесе сөндірілмеген темекі тұқылы, бөтелке шынысының өзі қураған шөпке түссе, өрттің шығуына басты себеп болуы мүмкін. Сондықтан қауіпсіздік барынша сақталуы тиіс, – дейді Ақтөбе мемлекеттік емес өртке қарсы қызметінің бастығы Әділ Құбаев.

Айтуынша, темір жолдағы өрт сөндірушілердің жұмысынан үлкен жауапкершілік талап етіледі. Кез келген тосын жағдайдың алдын

Теміржол саласындағы өрт сөндіру қызметінің орны ерек. Тәулік бойы кезекшілікте тұратын өрт сөндірушілерді теміржолдың құтқарушылары деп бекерге айтпаса керек. Қауіп пен қатерге толы қызметті абыроймен алып жүрген өрт сөндірушілер қатарында Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесіне қарасты алты өрт сөндіру бекетінің ұжымы да бар.



алып, зардабын жоюға үлкен күш жұмсалып, апатты жағдайларда жапа шегушілер болса, оларға алғашқы жәрдем көрсетіледі. Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінде Шалқар, Қандыағаш, Әйтеке би, Шұбарқұдық, Ақтөбе өрт сөндіру пойыздары және


Тассай өрт сөндіру бекеті тәулік бойы кезекшілікте жұмыс істейді. Тәжірибелі құтқарушылар аз емес. – Құтқарушылардың жұмысы кейде олардың өз өміріне қауіп төндіріп жатады. Соған қарамастан олар адам өмірін құтқаруға, тұрмыстағы, өн-

дірістері қауіпсіздікті сақтауға, апаттық жағдайға жол бермеу, егер ондай төтенше оқиға орын алған жағдайда салдарын жоюға күштерін жұмылдырып, бастарын қатерге тігіп жатады. Осы ретте өрт сөндіру қызметінің жұмысын ұтқыр ұйымдастырып жүрген тәжірибелі өрт сөндірушілер С.Тұрмағанбет, М.Ержанов, Н.Төленов сынды азаматтардың зор еңбегін атап өтер едім, – дейді Әділ Құбаев.

Биыл жаз айларының жауын-шашынды болғаны ауыл шаруашылығына қолайлылық танытты. Алайда, теміржол жиектерін арамшөп қаптап, өрт қаупі туындаған. Осыған орай, салаға жауапты мамандар негізгі күшті теміржол бойын таза ұстауға жұмсаған екен.

Суретті түсірген автор

КҮЗГІ БАЙҚАУ НӘТИЖЕСІ НЕНІ КӨРСЕТТІ?



Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Жиынға барлық құрылымдық бөлімшелер басшылары мен жауапты мамандар қатысты. Күзгі тексеру барысында станциялардың техникалық жағдайы, жолдың үстіңгі қабаты, магистральдық инфрақұрылым мен жасанды құрылыстардың жағдайы, су мен жылу нысандары, өрт қауіпсіздігін сақтау ережелері, орталықтың бұйрықтары мен басқа да нұсқаулықтарын орындау тәртібі қаралған. Өткен 9 айда Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша қозғалыс қауіпсіздігін бұзу салдарынан 5 жағдай тіркелген. Әрбір жағдай бойынша жедел талдау жүргізіліп, кінәлі қызметкерлер тәртіптік жазаға тартылған. Бұл жайттар ревизорлар тарапынан да қаралып, кемшіліктерді бірлесіп шешудің жолдары қарастырылған. Бөлімшеде өндірістік жарақаттануға жол берілмеген. Пойыздық және маневрлік жұмыстарда жазатайым жайттар болмаған. Жалпы алғанда, қозғалыс қауіпсіздігі, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы, техникалық құралдардың жағдайы, ғимараттардың абағандығы, жұмысшылардың тәртібі қанағаттанарлық.

КӨРСЕТКІШТЕР КӨТЕРІНДІ

Тексеру комиссиясының төрағасы, Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің директоры Аслан Базарғалиев өткен 9 айда 8 көрсеткіштің орындалғанын атап өтті. Тек жүк түсіру бойынша бір көрсеткіш көңілден шықпаған. Оған себеп, Атырау – Астрахань республикалық маңызы бар автомобиль жолының



құрылысын жүзеге асырушы «Қазавтожол» кәсіпорны қаңтар айында 2024 жылға жүктерді тасымалдауға ақы төлеуге шарты болмауына байланысты орын алған. Қаңтар айында 1 мың 29 вагоннан жүк түсіріліп, жоспар 328 вагонға аз орындалған. Сондай-ақ 2024 жылдың 7 сәуірінде көктемгі су тасқынының салдарынан 1 адам қайта аттестациялауға Атырау облысы бойынша төтенше жағдайдың жариялануы да жүк түсіру процесінің төмендеуіне әкелген.

Бөлімше бас ревизоры Жәнібек Көбеевтің баяндағанындай, қай мекемеде болса да басшылар тарапынан қадағалау, нормативтік құжаттарға сай талаптарды орындау, құжаттарды жүргізуде кемшіліктер бар, жұмысшылардың мамандығына сай білім дәрежесі төмен жайттар да кездеседі. Локомотив шаруашылығы бойынша 93 кемшілік анықталған. 1 адам қайта аттестациялауға жіберілген. Деполарда машинист-нұсқаушылары тарапынан локомотив бригадалары

құрамымен тәрбиелік-алдын алу жұмыстары жеткілікті деңгейде жүргізілмейді, машинист жұмысын бақылау төмен, қозғалыс қауіпсіздігін сақтау бойынша кешенді ұйымдастыру және техникалық шаралар жүзеге асырылмайды. Локомотив деполарының басшылары мен орта буындары, нұсқаушылар тарапынан өздеріне қарасты мәселелер бойынша қажетті шешім қабылданбайды екен. Атап айтқанда, олар жұмыс технологиясын, қозғалыс қауіпсіздігін сақтау мақсатында ұйымдастырушылық және техникалық шаралар қабылдау, цехтар мен учаскелерді тексеру, локомотивтердің жөндеу сапасын қадағалау, жылдамдықты реттеу лентасы мен кассетасының дұрыс көрсетуін, жөндеуден шыққан локомотивтердің жағдайын тексеру, т.б. мәселелер. Ганюшкино мен Сағызда локомотив бригадаларының демалатын орны күрделі жөндеу жүргізуді қажет етеді, өйткені машинистердің уақытылы демалуы маңызды.

ТЕХСАБАҚТАРДЫҢ ӨТКІЗІЛУІ ТИІСТІ ДЕҢГЕЙДЕ ЕМЕС

Вагон қараушылар тарапынан вагонды қарау кезінде қозғалыс қауіпсіздігіне әсер ететін кемшіліктер анықталмай жатады. Жоспардан тыс техникалық сабақтар да уақытылы өткізілмейді. Сондықтан өндірістік-техникалық қызмет көрсетудің сапасын арттырып, вагон қараушылардың жұмысына бақылау жүргізу қажет. Бақылау-жөндеу пункттерінде жөндеу сапасын, технологиялық процесске асығыстықпен қараушылық та бар. Мәселен, 68 жүк вагонның 19-ы тексеру кезінде кері қайтарылған. Сол секілді екі жолаушы пойызының ішінде 9 вагон қозғалысқа қауіпті екені анықталған. Қосалқы бөлшектер де жеткіліксіз, соның кесірінен ағымдағы жөндеу жасауға кедергі бар. Жолаушы вагондарына қажетті қосалқы бөлшектер де жеткіліксіз жағдайда. Қосалқы бөлшектерге мерзімінде тапсырыс беріп отыру ескеріле бермейді. Жұмысшылар техникалық сабақтарға белсенде қатыспайды, ал басшылық олардың қатысуын қадағаламайды. Соның салдарынан білімсіздік, біліксіздік орын алады.

Қалпына келтіру және өрт сөндіру пойыздарында да техникалық сабақтар деңгейі төмен, білім деңгейлері тексерілген журнал дұрыс жүргізілмейді, техникалық құралдардың жай-күйіне де жеткілікті көңіл бөлінбейді. Байланыс және электрмен қамту дистанцияларында да кемшіліктер бар. Желілік учаскелерде құралдар сапасын тексеру дұрыс жүргізілмейді. Мойындық жолдардағы бұрмалар, бағдарламалар, КТСМ құрылыстары үздіксіз жұмыс жасауы тиіс. Электр қазандары, электр желілерін, бағыттамалы бұрмаларды сыртқы тексеруді, рельс шынжырларының оқшаулау элементтерін тексеруді жүргізу және жөндеу бағытындағы кемшіліктер бар. Барлық дистанцияларда техникалық құжаттама жүргізуде де олқылықтар орын алған, журналдар дұрыс толтырылмайды.

Жол шаруашылығы бойынша барлығы 561 ескерту анықталған. Ескірген шпалдар, бағыттағыш бұрмалардың бекітпелері осал, дұрыс жұмыс жасамай қалады. Бағыттағыш бұрмалардың ұштары желінің қалады. Сағатына 40 км төмен жылдамдықпен жүретін учасқтар де кездеседі. Жөндеуден шыққан

материалдар сол жерде шашылып қалған, оны уақытылы жинастырып, қоймаға өткізу қажеттігі ескерілді. Ревизордың айтуынша, жолдардың сапасыздығы әсіресе Атырау – Мақат аралығында көбірек анықталған. Магистральдық желі бөлімшесі бастығының міндетін атқарушы А.Рахмеденов биыл 69,6 шақырым күрделі жөндеуден өткенін, оның ішінде Атырау – Мақат аралығында ст.Жамансор – рзд 377 – ст. Мақат аралығында жоспарда белгіленген 22,7 шақырым жол және Мұқыр – Жантерек – Кенбай аралығында 22,20 шақырым жол күрделі жөндеуден өткенін тілге тиек етті. Жол сапасы жақсаруының нәтижесінде жолаушылар пойызының жылдамдығы



60км/сағ-120км/сағатқа, жүк тасымалы пойызының жылдамдығы 50км/сағаттан 100км/сағатқа көтеруге ықпал еткен.

ҚАМДАНҒАН ҚАПЫ ҚАЛМАС

Алда қылышын сүйретіп қыс келмек, сондықтан қамсыз болмаған абзал. Жалпы аймақ мекемелерінде жылу беру жаман емес. Бөлімше бас инженері Бауыржан Картанның айтуынша, бөлімше қысқа 100 пайыз дерлік дайын. Барлық мекемелерде жылу уақытылы беріледі. Жұмысшылар қысқы арнайы киіммен де қамтылған. Тек етіктер біртіндеп жеткізілуде, қазіргі уақытта барлығы 225 дана етік келіп тұр. 30 қарашаға дейін қалғаны келеді деп күтілуде.

Сонымен қатар әр мекеменің қар күреушінау арнаулы техникалары болуы тиіс, оны да үнемі назарда ұстау керек. Станциялардағы үлкен мәселенің бірі – жердің ластануы, майлануы. Тепловождардан, вагондардан аққан май экологияға зиян келтіреді. Бұл қай станцияға да тән құбылыс. Сондықтан топырақты, станция жолдарын майдан тазартып отыру қажет. Жылы барысында барлық нысандардағы өрт қауіпсіздігі мәселесінің өте сын көтергісіз жағдайда екені де баса айтылды. Сондықтан барлық мекемелер өрт қауіпсіздігіне аса мән беруі қажет.

Жиын соңында Аслан Базарғалиев көп нәрсе басшыларға байланысты екенін айтты. Құрылымдық мекеме басшылары өздері желіге шығып, кемшіліктерді, нормативтік талаптардың орындалуын жете қадағалауы тиіс. Әр басшы мен әрбір жұмысшы өз міндетін үлкен жауапкершілікпен орындаса, кемшілік аз болатыны да түсінікті. Аталған жайттар саралана келе, бөлімше басшылығымен аталған кемшіліктерді түзету, көктемгі тексеріс анықтаған олқылықтарды қалпына келтіру жөнінде шешім қабылданды.

Суретті түсірген автор

Интервью

КТЖ: ОБЕСПЕЧЕНИЕ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ СЕГОДНЯ ПОСТАВЛЕНО В ПРИОРИТЕТ

Железная дорога остается удобным и востребованным видом транспорта, которым пользуются казахстанцы каждый день. Благодаря своим преимуществам по срокам доставки, надежности и безопасности отвечает всем требованиям к перевозке грузов и пассажиров. О том, какие меры принимаются на железной дороге для повышения безопасности, рассказывает заместитель председателя правления АО «НК «КТЖ» Талгат Алдыбергенов.

– Безопасность движения поездов всегда остается приоритетом работы АО «НК «КТЖ». В целом на железнодорожном транспорте обеспечена устойчивость перевозочного процесса, выполняются заданные целевые параметры безопасности движения.

За девять месяцев этого года по сравнению с аналогичным периодом прошлого года целевой показателем уровня безопасности движения по компании улучшен на 6%, количество нарушений снижено на 8%.

По итогам первого полугодия 2024 года железнодорожная администрация Казахстана вошла в число организаций, улучшивших состояние безопасности движения, и находится в тройке стран СНГ по показателю безопасности движения.

В текущем году в компании принят ряд важнейших инициатив по постоянным улучшениям деятельности в области безопасности движения. Проведен анализ состояния безопасности движения и выработан комплекс системных мер, направленный на совершенствование системы управления безопасностью движения и кадрового потенциала, повышение надежности устройств инфраструктуры и подвижного состава.

За девять месяцев этого года ревизорским аппаратом проведено свыше 7,8 тысячи проверок соблюдения технологических процессов, содержания и эксплуатации подвижного состава и технических средств. Выявлено более 82 тысяч нарушений, которые были оперативно устранены. Принято свыше 15,8 тысяч мер по остановке эксплуатации подвижного состава и устройств инфраструктуры с низкой надежностью. Также проведена 171 проверка на предприятиях, оказывающих услуги компании по ремонту и сервисному обслуживанию подвижного состава.

Несмотря на тенденцию снижения количества нарушений, КТЖ продолжает проводить работу по исключению проблемных вопросов в обеспечении безопасности движения с максимальным акцентом на снижение вероятности возникновения ошибок. Повышается уровень культуры безопасности движения, где каждый работник осознает важность и социальную ответственность в обеспечении безопасности движения.

Необходимо отметить, что системной проблемой остается состояние верхнего строения пути. В КТЖ реализуют производственную программу обновления магистральной сети, в которой запланировано ежегодное проведение ремонта пути протяженностью более 1 000 километров. Также ведутся работы по обновлению устройств инфраструктуры, оснащению предприятий средствами малой механизации и техническими средствами.

В рамках эффективной реализации программы Главы государства «Справедливый Казахстан – для всех и для каждого. Сейчас и навсегда» разработана и утверждена «Дорожная карта», согласно которой до 2028 года предусмотрен ремонт 11 000 километров железнодорожных путей. В 2024 году проведены летне-путевые работы в объеме 1 401 километра, в том числе капитальный ремонт – 570 километров, покомпонентный ремонт – 241 километр, планово-предупредительный ремонт – 590 километров. При проведении ремонта пути уровень локализации товаров, рельсов, шпал, щебня казахстанских производителей составляет 100%.

За последние три года проведена комплексная работа по капитальному ремонту пути, благодаря чему улучшилось состояние пути из ниже среднего по целевым показателям, обеспечивающим безопасность движения поездов.

ВАЖНЫЙ РЕСУРС КТЖ
– Что делается для снижения человеческого фактора в обеспечении безопасности движения поездов?

– Главная ценность и основной ресурс КТЖ как ведущей компании – это работники. От уровня их профессионализма напрямую зависят результаты деятельности компании. Человеческий фактор играет важную роль в обеспечении безопасности. КТЖ уделяет большое внимание повышению квалификации работников, выполняющих работы, непосредственно связанные с обеспечением безопасности. В компании действуют пять учебных центров, расположенных в разных регионах страны, где ежегодно проходят обучение и повышение квалификации более 20 тысяч сотрудников.

Однако здесь важно стремление самих работников к совершенствованию, получению новых компетенций и изучению правил, инструкций и локальных актов компании, необходимых для профессиональной деятельности.

В этом году для повышения знаний железнодорожников основные документы по обеспечению четкой работы железной дороги и безопасности движения поездов – Правила технической эксплуатации железнодорожного транспорта и Инструкции по сигнализации на железнодорожном транспорте – представлены в графическом и визуальном формате. Это позволило преобразовать сложные и масштабные объемы информации в понятную и наглядную форму, чтобы эффективно применять теоретические знания на практике.

Также КТЖ объявило видеоконкурс «Раскрой ПТЭ (Правила технической эксплуатации железнодорожного транспорта) в новом формате», направленный на повышение осведомленности работников в области безопасности движения поездов и на то, чтобы сделать безопасность основной корпоративной культуры.

